

Әлеуметтік көмек көрсету үшін жеке тұлғалардың санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 шілдедегі N 4/9-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 06 тамызда N 2633 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 шілдедегі N 21/6-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 21.07.2014 N 21/6-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі № 2247 Заңының 5, 6, 7, 8, 9, 20–баптарына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 2–бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1–тармағының 15) тармақшасына, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының 1–тармағының 14) тармақшасына сәйкес Шемонаиха аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсету үшін жеке тұлғалардың мынадай санаттары а й қ ы н д а л с ы н :

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соларға теңестірілген адамдар;
- 2) жасына байланысты зейнеткерлер;
- 3) мүгедектер, соның ішінде 18 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелейтін т ұ л ғ а л а р ;

- 4) саяси қуғын–сүргін құрбандары;
- 5) о р а л м а н д а р ;

- 6) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен, I және II дәрежелі «Ана даңқы»

орденімен наградталған немесе бұрын «Ардақты Ана» атағын алған көп балалы а н а л а р ;

7) бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан да көп балалары бар, соның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарда, кәмелеттік жасқа толғаннан кейін жоғары оқу орындарының (жиырма үш жасқа толғанға дейін) күндізгі бөлімінде оқитын балалары бар көп б а л а л ы от б а с ы л а р ы ;

8) балалар, соның ішінде жетім балалар және ата-аналарының қамқорынсыз қалған балалар, балалар үйінің түлектері, сондай-ақ тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан студенттер;

9) күн көріс деңгейінен төмен табысы бар тұрмысы төмен азаматтар;

10) онкологиялық сырқаттармен және туберкулездің түрлі түрлерімен а у ы р а т ы н а з а м а т т а р ;

11) өмірдің қиын жағдайына ұшыраған азаматтар (өрт, табиғат апаттары).

2. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мынадай қажетті құжаттардың тізбесі а й қ ы н д а л с ы н :

1) ө т і н і ш ;

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы) ;

4) алынып тасталды - Шемонаиха аудандық мәслихатының 14.06.2013 № 14/6 - V ш е ш і м і м е н ;

5) отбасының табысы туралы мәліметтер;

6) өтініш берушінің мәртебесін растайтын құжат;

7) тиісті уәкілетті орган беретін қиын (төтенше) жағдайдың болғанын р а с т а й т ы н қ ұ ж а т ;

8) емделуге нақты қаржылық шығынды немесе алдағы қаржылық шығынды растайтын құжаттар, немесе өмірлік көрсеткіштері бойынша емделуге денсаулық сақтау органдарының жолдамасы;

9) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі;

10) туберкулезге қарсы кабинеттен анықтама;

11) екінші деңгейдегі банкте жеке шот.

Құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, түпнұсқалары салыстырғаннан кейін өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шемонаиха аудандық мәслихатының 14.06.2013 № 14/6-V (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен

с о ң

қ о л д а н ы с қ а

е н г і з і л е д і .

<i>Сессия</i> <i>Шемонаиха</i> мәслихатының хатшысы	<i>төрағасы</i> <i>аудандық</i>	<i>Н. Серохвостова</i> <i>Ә. Баяндинов</i>
---	------------------------------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК